

Б.Е. Көмеков, А.А. Галиев

Мөңгө қаған



«АРУНА» БАСПАСЫ

ББК 63.3 (5 қаз)

К 81

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігі ұсынған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

Көмеков Б., Галиев А.

К 81 Мөде қаған. Тарих, тұлға, уақыт («Шығыстың ұлылары» топтамасы). –
Алматы: «Аруна» баспасы, 2007. – 96 бет.

ISBN 9965-626-30-8

«Мөде қаған» – «Шығыстың ұлылары» деген топтамаға енген кітаптардың бірі. Балалар мен ересектерге арналып қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркем суретті туындыда көшпенділер империясын құрған атақты тұлға Мөде қағанның өмірі мен сол дәуірдегі тарихи оқиғалар баяндалады.

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша рұқсатынсыз кітаптан үзінділерді, суреттерді көшіріп басуға болмайды.

К 0503020905
00 (05) – 03

ББК 63.3 (5 қаз)

ISBN 9965-626-30-8

© «Аруна Ltd.» ЖШС

Мөде қаған

1-тарау

Ұлы қолбасшы Мөде қаған 5

2-тарау

Ғұндар көсемі 6

3-тарау

Тақ мұрагері 7

4-тарау

Қасқырдан тараған тайпа 11

5-тарау

Алыстағы Чаньанда 15

6-тарау

Жар астындағы жау 17

7-тарау

Еркіндік жолында 27

8-тарау

Юечжилер 32

9-тарау

Дунху мемлекетінің жеңілуі 50

10-тарау

Юечжи империясының талқандалуы 59

11-тарау

Империяның кеңеюі 73

12-тарау

Соңғы бекініс 76



Ғлы қолбасшы Мөге қаған

Алмағайып бұл заман от тілді, орақ ауызды шешендер мен жолбарыс жүректі батырлардың заманы еді.

Бұл заман тіл қасиетінің, сөз құдіретінің де заманы. Айтылған сөз оқ саналып, тіл қару орнына жұмсалған. Сондықтан сөзді мірдің оғындай талғап, таңдап, мән-мағынасына терең бойлап сөйлеген.

Бұл заманда ерлердің жан серігі – аты, жан бауыры – қылышы болған. Олар қан майданда мерт болып, кәрілікке тек бірен-сараны ғана жеткен. Хас батырлардың жауынгерлік даңқы аңызға айналды. Ерлік істері далалықтардың түңгі от басындағы әңгімесінің өзегі болып, таңға жырланды. Түтінмен бірге аспанға шарықтап, шартарапқа жайылып жатты. Ал қорқақтар мазақ күлкіге қалып, бүкіл әулеті мен ата тегінің абыройына дақ түсірді.

Бұл заманда адамдар дүниені жаратушы бір Құдайға ғана сыйынған. Ол Құдайдың аты – Тәңір. Ал Тәңірдің жердегі жәрдемшісі қаған еді. Қағанның аузынан шыққан сөз заң ретінде қабылданды.

Мыңғырған малы – байлық, бір перзенттің жоқтығы – қасірет, баспанасы – дала, тағдыры – жол болды. Осы жол көшпенді далалықтарды ұрпақтан ұрпаққа, жылдан жылға, ғасырдан ғасырға жетеледі.

Заман шындығы – ата-бабадан қалған өсиет, ал алдамшы өмір – қайғы-қасіреті мен қуанышы қатар жүретін қилы тағдыр еді.

Бұл заманда өмірге батырлар келіп жатты. Батырлар өмірден кетіп жатты. Арттарында қалған – аңыз.



Ғұндар көсемі

Ұлы Дала Шығысы Қытай жерін басып өтетін Сары-өзен (Хуанхэ) мен Батысы Дунайға дейінгі аралықтағы кең алқапты алып жатқан. Ол бұдан жүздеген жылдар бұрын шетсіз, шексіз құла түзде көшіп-қонып жүретін көптеген тайпалар мен халықтардың отаны болған. Дала табиғатының қатал заңы олардың отырықшы өмір сүруіне мүмкіншілік бермеді. Сол себепті көшпенділер, негізінен, мал шаруашылығымен айналысқан. Табиғат жағдайына байланысты жайылымдар мен өрістерді үнемі жаңартып отыру қажет болды. Мал басы көбейіп өскен сайын бұрынғы жайылымдар тарыла түсті. Жазда жайлауға, қыста қыстауға көшетін үйреншікті бағыт бұзылды. Соның салдарынан туған қақтығыстар мен ішінара кикілжіңнің әсері көшпенділерді әлсіретті. Нәтижесінде, көптеген халықтар ыдырап өзге халықтардың құрамына енді. Олар: скифтер, сақтар, массагеттер, сарматтар, хазарлар, аварлар, печенегтер. Бұл жауынгер тайпалардың барлығы кезінде Ұлы Дала мемлекетін құраған және қазіргі күні өмір сүріп жатқан түрік халықтарының арғы тегі болып табылады. Олардың әрқайсысының өзіне тән қайталанбас мәдениеті, діні, әдет-ғұрпы мен дәстүрі болған. Барлығы бірдей Дала жылнамасының беттерінен тиісті орын алған. Солардың ішінде бүкіл әлемдік тарихта терең із қалдырған құдіретті көшпенді халықтың бірі ғұндар еді.

Сол заманнан қалған бірталай қиссалар мен аңыздар біздің дәуірімізге жетіп отыр. Осындай бір аңыз ғұндардың қолбасшысы, даңқты Мөде қаған жайында сыр шертеді.



Шақ мұрагері

Б.з.д. 215 жыл еді. Ғұндардың айбынды қағаны Тұманның ұлы Мөде әлі жас бала болатын. Жастығына қарамастан, ол атқа отыру мен қару ұстаудың небір ғажап айла-тәсілдерін жетік меңгерген. Ол кезде бұған ешкім таң қалмайтын. Қайта барлық ғұндар күнделікті өткізілетін әскери жаттығуларға кішкентайынан төселген, өйткені бұл – адам тағдыры қыл үстінде, қылыш жүзінде тұрған шақ болатын. Қару ұстай білмеген адам отбасын, бүкіл руластарын, тіпті өз басын қауіптен қорғай алмайтын еді. Сондықтан көшпенділер жастайынан күштілігі, ептілігі және шапшаңдығы жағынан сайысқа түскен. Әсіресе, алғырлық басты қасиет боп саналған. Жалғыз күшпен, батылдықпен ештеңе шешілмейтіні, ақылмен істелмеген істің жақсылыққа апармайтыны белгілі. Қалай болғанда да, аз шығынмен қысқа мерзімде жеңіске жету жоғары бағаланған. Нағыз далалық жауынгерге тән осындай қасиеттерді бойға жинау оңай емес, ол тек тәжірибе арқасында келеді.

Мөде кішкентайынан үлкендердің дайындықтарын үнемі сырттай бақылап, әрбір жаттығудың мән-маңызын көңіліне түйіп өскен. Әсіресе, жауынгерлердің қылыш орнына ағаш таяқ ұстап жаттығатыны ұнайтын. Бейбіт уақытта қылышты қынабынан суырып, жалаңаштап ойнау жаман ырым деп есептелген. Мұндай дәстүрді бұзған адамға тіпті өлім жазасы кесілген.

Ғұндар жігіттік өнерге ерекше мән берген. Олар бар екпінімен қатты шауып келе жатып, ағаштың бұтағын қиып түсіру, ат үстінен еңкейіп, жерде шашы-

лып жатқан ұсақ заттарды іліп алу, бір аттың үстінен сондай жылдамдықтағы екінші атқа секіріп міну сияқты өнер сайыстарды еш қиындықсыз, үлкен шеберлікпен орындаған. Балалар үлкендердің ісін қайталауға тырысқан. Әрине, олар мұны ат үстінде жасай алмаған. Сондықтан, ең алдымен, қойға мініп үйренген. Араға көп уақыт салмай-ақ атқа отыруды да меңгеріп кеткен.

Мөдеге шабандоз жігіттердің аттың жалынан ұстап бір жақ бүйіріне жабысып алып өнер көрсетуі де ұнайтын. Сырттан қарағанда, ат иесіз қалғандай боп көрінеді. Бір уақытта күтпеген жерден шабандоз қайта көтеріліп, шапқан күйінде садағымен алдын ала ілінген теңгені атып түсіреді. Әдетте, теңгені биік ағаш қазықтың басына байлаған. Ал ғұндардың садағын нағыз алыптардың, батырлардың қаруы деуге болады. Садақ ату – әркімнің қолынан келе бермейтін өнер. Ат үстінде отырып садақтың қатты керілген адырнасын толғап тарту үшін әрі жебені діттеген жерге дөп тигізу үшін алып күш және үлкен шеберлік қажет. Ғұндардың садақтары мен ұшқан уақытта ысқырыққа ұқсас дыбыс шығаратын "ысқырғыш" жебелерінен жауларының зәре құты қалмайтын. Бұл жебелер ең мықты деген сауыттың өзін тесіп өтіп, екінші жағынан бір-ақ шығатын болған.

Ғұндар – өз найзаларымен де атағы шыққан халық. Олар найзаласу өнерін жетік меңгеру үшін ұзақ жылдар бойы үзбей жаттыққан. Тұрқы қысқа, ал қолға ұстайтын жері темірмен қапталған найза қолданған. Мұндай найза жаумен бетпе-бет келіп шайқасуға өте қолайлы.

Ғұн жауынгерлерінің бейнесін арғымақ атсыз елестету мүмкін емес. Кәсіпқой қолөнершілердің оларды



кентавр (атымен бірге тұтасып кеткен адам) кейпінде бейнелеуі тегіннен тегін болмаса керек.

Ғұндардың аттары жатаған, яғни аласа бойлы, ұзақта қатерлі жорықтарға шыдамды болған. Олар биік әрі сымбатты, мойны жіңішке, басы кішірек болып келген жылқы тұқымдарын да ұстаған. Бұл аттардың көсіліп шапқан шабысы тірі жанды таң қалдырмай қоймайтын. Бүкіл ел олардың иелеріне қызыға әрі қызғана қарайтын. Сондықтан да болар, ғұн аттарына құн жетпеген. Көршілес қытайлар оларды сатып алу үшін небір ғажап бұйымдар: сәнді сауыттар, қоладан өрнектеліп жасалған айналар мен түндік шамдар, түрлі-түсті жібек маталар, асыл тастар, алтыннан зерленген әшекейлер мен сәндік бұйымдар, мүйізтұмсықтың мүйізі сияқты құнды дүниелер ұсынған. Алайда ғұндар жан серігі – жылқыларын ешбір затқа айырбастамаған.

Арғымақтар да иелеріне шексіз адал болған. Олар қандай күйде болғанда да иесін дұшпан қолына тастамаған. Дәл осындай арғымақты Мөде де аңсайды. Ол бұл арманына уақыт өте жетеді.

Мөде шымыр денелі, алғыр, қайсар жігіт боп еркін өсіп жатады. Ол кез келген уақытта, ештеңеге қарамастан маңайындағы ең күшті деген баламен күресе кететін. Қасындағылар: "Мұның не, Мөде, тақ мұрагеріне өзінен төмен адамдармен күресіп ойнау лайық емес", – деп тоқтатуға тырысатын. Бірақ Мөде оларды тыңдамаған. Ал бос уақыттарында данагөй қарттарды, жыршы-жырауларды құмарта тыңдаған. Әсіресе, өз халқының өткен өмірі туралы айтылатын ұзақ әңгімелерді ұнатқан. Осындай бір аңызды Мөде өмір бойына есіне сақтап қалыпты.



Қасқырған тараған тайпа

Бұл өте ертеде болған оқиға. Сол кездегі ғұн қағанының таңғажайып сұлу екі қызы болыпты. Олардың көркіне тіпті жымың қаққан жұлдыздар да таласа алмаған. Қаған қызметшілері сұлу аруларға құдайдай табынып, бас иген. Ал қарапайым адамдарға қыздар жаққа көз қиығымен қарауға да тыйым салынған. Осылайша айдан да ажарлы, күннен де көрікті екі қыз әке-шешесін шексіз қуанышқа бөлеп, бой жетіпті.

Күндердің күнінде қаған данагөйлерін шақырып алып:

– Бұл жарық дүниеде қыздарыма тең келетін жігіттер бар ма екен? – деп сұрайды.

Қариялар ойланып қалады. Үнсіздікті бұзған ол:

– Жер бетінде оларға теңдес жан жоқ. Сондықтан қыздарымды Аспанның құзырына тапсырамын! – деп өз шешімін айтады.

Осыдан соң қағанның бұйрығымен шеберлер қу далада биік үй тұрғызады. Екі сұлуды қаған нөкерлерімен сол үйге алып келеді. Қыздардың ендігі тұратын мекені қорқынышты құла тұз еді.



Маңайда жыбыр еткен жан жоқ. Қаған күбірлеп: "Өтінемін, Аспан, қыздарымды қабыл ал. Оларға мейірімді бола көр!" – деп дұға оқиды да, өз ордасына қарай шаба жөнеледі. Артынан нөкерлері ілеседі. Екі сұлу әкесі салған қапаста қамалып қала береді.

Арада үш жыл өтеді. Анасы қыздарын қатты сағынады. Оларды қайтарып алып келуін өтініп, қағанға жалбарынады. Бірақ ол әйелінің зарына құлақ аспайды.

Арада тағы бір жыл өтеді. Құла түзде бір қасқыр пайда болады. Ол күндіз-түні үйді торуылдап, дауысын соза ұлып жүреді. Ақырында үйдің іргесін қазып, ін жасап алады. Екі қыз алғашқыда қатты қорқады, кейін келе оған да үйренеді. Бір күні кішісі:

– Әкеміз бізді Аспанға тапсырып тастап кетті. Қасқырдың пайда болуы Аспанның жіберген белгісі болар? – деп төмен түспек болады. Сіңлісінің бұл қылығынан шошып кеткен әпкесі:

– Қайда барасың?! Ол – жыртқыш аң, – дейді тоқтатпақ болып. Сіңлісі құлақ аспайды... Тоғыз ай өткен соң ол ұл босанады...

Міне, осылай жер бетіне қасқырдай өжет, жауына рақымсыз ғұндар дүниеге келген екен.







Алыстағы Чаньанга

Қытайдың Жаңа патшалық әулетінің негізін салушы, Аспан аясындағы мемлекеттің тұңғыш императоры Цинь Ши Хуанди өз сарайында генерал Мын Тьхяньді қабылдайды. Генерал императордың алдына тізесін бүгіп, басын салбыратып отырып мұқият тыңдайды.

– Ұрыс-керіс, кикілжің тыйылып, Кіндік мемлекетте тәртіп қалпына келген кезде, өзара жауласушы жеті патшалықты Цинь Үйі бір жұдырыққа жұмылдырып ұстап отырған шақта мемлекетімізді күшейтіп, кеңейтуді де ойластыруымыз қажет, – деді император ұлы әміршіге сай дауыспен. – Диқандарға жер керек, ең бастысы, солтүстіктегі біздің мекендерімізді мазалап жүрген мына "жабайы" халықтардың көзін жою керек. Бар әлемге мемлекетіміздің мәртебесін мойындататын мезгіл жетті. Аспанның еркі мен менің бұйрығымды сен орындауға тиіссің. Солтүстіктегі халықтардың ішінде бұғаусыз кеткен, ешкімге мойынсұнбайтын халық ғұндар екенін білесің. Сонымен бір мезгілде оңтүстіктегі, теңіз жағасындағы юэ тайпаларына соғыс ашамыз. Солтүстіктегі тайпаларды бағындыру әрі оңтүстіктегі теңізге шығу – бұл біздің құдіретіміздің негізі.

Осыдан соң бірнеше айға созылған дайындық басталды. Қытай, негізінен жүз жылдап ойланатын болған. Сол сияқты осы соғысқа да асықпай сайланды. Қоймаларды астыққа толтырды, ұстаханаларда күндіз-түні қару-жарақтар мен сауыт-саймандар жасалды. Ақырында межеленген уақыт жеткен күні елдің түкпір-түкпірінен ағылған аттылар жасағы мен жаяу әскер оңтүстік пен солтүстікке қарай жол тартты. Жерді қайыстырған қалың қолдың артынан азық-түлік пен қару-жарақ артқан арбалар ілесті. Жүз мыңдаған арғымақтың дүбіріне сарт-сұрт еткен қару-жарақтың үні мен арбаның шиқылы қосылғанда жер сілкінгендей болды. Айлап, жылдап тынымсыз еңбек еткен шаруалар еңкейген белдерін зорға жазып, қалың әскердің соңынан қапалана қарап тұрды. Үш жүз мың адамнан құралған қарулы жасақ көшпенділерге қарсы жорыққа аттанды.

Қытай жауынгерлері қарапайым жасақталған. Олар теріден тігілген мықты киім мен жеңіл сауыт киіп, қысқа семсер, найза, садақ сияқты соғыс құралдарымен қаруланған. Осыдан жүздеген жылдар бұрын Қытай кінәзі Ву-Лин көшпенділер сияқты ыңғайлы әрі жеңіл киінуді, олардан әскери өнерді үйренуді талап еткен. Уақыт өте келе, сол кінәздің айтқанының дұрыстығына көздері жетті. Жібек киімдер сән-салтанатқа лайық болғанымен, соғыста қимылдауға қиындық келтіреді әрі көзге түседі. Ең дұрысы – сенімді сауыт, жақсы қалқан және жүйрік ат.





Жар астындағы Жау

Ғұндар күнге қалай табынса, айға да солай табынған. Тұман қаған күніне екі мезгіл – таңертең көкжиектен көтерілген күнге, кешке жаңа көрінген айға қарап, тағзым ететін. Ғұндар қағанды аспан шамшырақтарының жердегі жәрдемшісі, солардың әмірін орындаушы деп ұғатын. Олар Ай дөп-дөңгелек боп толысса, алдағы істен табыс күткен, ал жұқара түссе, ешқандай іс бастамаған. Тұман да ата-бабадан жеткен осы дәстүрді қадірлеп, тағзым ету рәсімін еш уақытта бұзбаған. Ол күнделікті әдетімен тағзым ету уақытын күтіп, өзінің тұрақты орнында, киіз үй-ордасында, бетін солтүстікке беріп дайын отыратын болған.

Өмір осылайша арнасымен өтіп жатты. Мал жаңа жайылымға айдап әкелінді. Жауынгерлер әскери дайындықтарын өткізуде. Қолөнершілер киім тігіп, ертоқымдар жасап, балаларды оқытуда.

Кеш батып бара жатқан мезгіл болатын. Күн ұясына еңкейген. Күндізгі қапырық басылып, салқын леп сезіледі. Әйелдер ағаш ыдыстарын алып, бие саууға желіге* қарай бет алған. Қымыз – көшпенділердің ең тәуір көретін сусыны. Жастар болса, ауылдың шетіне жиналып, "ақ сүйек" ойнауға кіріскен. Ойын бастаушы сүйекті барынша алысқа лақтырып, ойыншылар оны айдың жарығымен іздеп табуы тиіс.

*Желі – құлындарды байлау үшін екі қазыққа кере тартылған арқан.



Айсыз қараңғы түнде қалың шөптің арасынан сүйек іздеу оңайға түспейді. Соған қарамастан, бұл ойынды жастар қызыға ойнайтын. Көшпенділер оны әрі ермек, әрі жаттығу ретінде пайдаланған. Жауынгерлерге қажетті қырағылық, сергектік, жүйріктік, алғырлық қасиеттерін тәрбиелеуде бұл ойынның маңызы зор болған.

Кешкі тағзым уақыты жақындап, қаған орнынан қозғала бергені сол еді, сырттан дабыр-дұбыр еткен дыбыс естілді. Ізінше қаған отырған киіз үйге сүріне-қабына кеңесші кіріп келді.

– Не боп қалды? – деді Тұман.

– О, әміршім! Оңтүстік қорған жақтан от көрінеді. Елдің шетіне жау шапты!

– Тәңірім жар бола көрсін. Барлық тайпаларға ескертіп, Сарыөзенге қарай шегінуге уақыт бар. Сол жерде кездесіп, бар жайды асықпай ақылдасармыз. Ал қазір жаушыларды ауыл-ауылға аттандыр, – деді де, сабыр сақтаған күйі сыртқа шықты.

Көсемдерінің байсалды қалпын көрген ел-жұрты естерін жия бастады. Киіз үйлерін бұзып, жүктерін түйелерге, аттарға теңдеп артуға кірісті. Осы кезде оңтүстік жақтан атын қан сорпа қып терлетіп бір шабарман шауып келді. Аттан секіріп түскен бойда қағанның алдына құлады.

– Айт! – деп әмір етті Тұман.

– Оңтүстіктен сансыз әскер көрінді, – деді аптығын баса алмай. – Қытайлықтардың алдыңғы шебі тас қабырғадан бері өтіп, біздің жерімізді таптап келеді. Атты әскеріміз жауға тойтарыс беріп жатыр, бірақ қытайлықтар бұл жолы шектен тыс көп.

– Жауды бөгей тұрындар. Ал адамдар уақытты босқа жібермей өзеннен әрі өтсін. "Жер құртының" (қытайлықтарды солай атаған) ол жаққа тұмсығын тығуға батылы жетпейді, – деп қаған нұсқау берді.

Бүкіл дала бойына от жағылып, жау келгені туралы хабарлар таратылып жатты. Дала азан-қазан күйге түсті. Елдің жылаған-сықтаған дауыстары, отарлар мен табындардың дүркірей көшкен дүбірі, арбалардың сықыры құла түзді күңіреңтті. Шаң көтеріліп, аспанды қара бұлт жапты. Іріктелген сарбаздардан құралған әскер оңтүстікке қарай бет алды.

Мын Тьхянь Хуанхэнің бойында өзеннің қарсы жақ қабағына ойлана қарап, қимылсыз тұр еді. Ол императормен болған әңгімені есіне алды. Цинь Ши Хуанди оған ғұндардың тас-талқанын шығаруға бұйрық берген болатын. Бұйрық орындалды деуге әбден болады. Ғұндар мұндай үлкен қарулы жасақпен кездесуге дайын емес еді. Соның салдарынан олар аздаған шығынға ұшырап, Сарыөзеннің арғы бетіне шегінуге мәжбүр болды.

Кенет ауаны тіліп өткен үрейлі ысқырық өз ойымен өзі тұрған қолбасшыны селк еткізді. Ізінше аяғының астына келіп шаншылған жебені көріп, онан сайын құты қашты. Мын Тьхянь ғұндардың атақты жебесін талай көрген болатын. Осы жебелерден қаншама қытай жауынгерлері жер жастанды. Ол ғұн жебелерінің тым алысқа ұшатынына, оның мүлт кетпей, дәл тиетініне, әсіресе, садақшылардың шеберлігіне әр кезде таң-тамаша қалатын. Осы жолы да ғұндар өздерінің мықты арғымақтарымен ойда жоқта сау ете түсті.

Қытайларды мазақ еткендей арғы жағалаудан бірдеңелерді айтып, айғайлады да, аяқ астынан ғайып болды. Мын Тъхянь:

– Атымызды кейін бұрғанымыз жөн болар. Әзірге Хуанхэ бізді мына "жабайылардан" бөлетін шекара бола тұрсын, – деп мыңғырлады.

Бұған іштей қуанған нөкерлері де жеңілдікпен бір күрсініп алып, қолбасшыларының артынан шаба жөнелді. Алайда Мын Тъхянь істің арты мұнымен бітпейтінін жақсы түсінді. Ғұндар – өз жерінен айрылып, оңайлықпен тыныштала қоймайтын халық. Уақытша қол жеткен бұл жеңіс ертең-ақ ұмытылары сөзсіз. Ғұндардың соғыссыз өзеннен әрі өтіп кетуі мен тыныш қалуы күдік туғызады. Сонымен қатар Батысқа жасалатын жорыққа дайындалу керек. Мұнда Моңғолияның, Шығыс Түркістан мен Орта Азияның жер шаруашылығымен айналысатын отырықшы және далалық халықтары қоныстанған. Тәжірибелі қолбасшы жауларын жеке-жеке, бір-бірлеп құрту керек деген шешімге келді. Дунху мемлекеті өркендеп келе жатыр. Юечжи мемлекеті де күшті болатын. Ең бастысы, ғұндар шегінді...

"Ғұндар не ойлады екен? Білсем ғой" деген оймен Мын Тъхянь ыммен жас офицерді шақырып алды. Жүгіріп келген жауынгерге:

– Арғы бетке барлаушылар жібер. Ғұндардың біреуін қолға түсіріп, осында алып келсін, – деп бұйырды.

– Айтқаныңыз орындалады, мырза, – деп жауап берді офицер.

Түнде бір топ қытайлықтар өзеннің қарсы бетіне ұрланып өтті. Анадайдан жалғыз от көрінеді.



От жақтан ұйықтап жатқан табыншының қорылы естіледі. Араларындағы епті деген екі кісі қанжарларын ауыздарына тістеп алып, от көрінген жаққа жыланша ирелеңдеп, жорғалай жөнелді. От үстіне қазан ілінген, ішінде ет қайнап жатыр. Еттің иісі желмен бірге ауаға тарап, мұрынды қытықтайды. Жақын маңайда қолына бір аспап ұстаған қартаң малшы отыр. Әлгі аспаптан шыққан сазды үн жорғаның ырғақты жүрісін елестетеді. Қария қоңыр үнмен баяулатып, ыңылдап ән салып қояды. Ал оттың қасында ыңғайланып жайғасқан жасөспірім бала отыр. Ол оттың сүйреңдеген тілдеріне қызығып қарап қалған. От сөніп қалмау үшін анда-санда құрғақ ағаш салып қояды. Осы уақытта жайбарақат отырған оларға қытайлықтар жақындап қалған еді. Ұйықтап жатқан малшыға тап бермек болған тыңшыларды қара түнек арасынан үндемей шыға келген үлкен күзетші төбет бас салды. Көзді ашып-жұмғанша айнала айғай-шуға, тасыр-тұсыр төбелеске, жараланған төбеттің қыңсылына толды. Оттың қасында отырған жас бала белдігінен қанжарын суырып алып, шу шыққан жаққа жүгірді. Жан-жақтан күзетке қойылған ғұндар да шауып келіп жатты. Бірінші жеткен жауынгер болған жайды көзбен тез шолып өтті. Өлген ит қытай тыңшысының үстінде жатыр. Тісімен байғұс тыңшының тамағын қысқан күйі қатып қалыпты. Тыңшының ашық жатқан көзінде үрейдің ізі қалған. Екінші тыңшының өлі денесіне төніп, қанға малынған қанжарын қолына қысқан күйі бала тұр. Жауынгер қорқып кетіп:

– Мөде, мұнда қайдан жүрсің?! Әкең білсе, қатты кейиді. Қаған ашуланбасын, ашуланса, оңдырмайды, – деді.

– Қайта ол мені өлтіріп кетпегеніне өкінетін болар, – деп күбірледі жас бала.

Жауынгер оны естімеді. "Тыңшылардың екеуі ғана болуы мүмкін емес. Олардың жолын бөгеу керек. Артынша көмек те келіп қалар" деген оймен өзен жақтағы өткелге қарай жүгіре жөнеледі. Бірақ қытайлықтар алғашқы айғай-шу естілгеннен-ақ кері қарай тайып отырған. Тапсырма орындалмады, енді өз бастарын аман алып шығуды ойлаған олар өткелден асығыс өтіп жатты. Сәлден кейін бұларды қуып келе жатқан жалғыз атты көрінді. Бұл ғұн жауынгері еді. Қызып кеткен ол, өз адамдарының қуғынды тоқтатып, кері қайтқанын байқамапты. Байқаса да, кеш қалды. Садақ оғынан астындағы аты құлап түсті. Сол екпінмен өзі де ұшып кетті. Атып тұрып семсерін шығарды. Қытайлықтар жалғыз жауынгерге қарай ұмтылды. Жауынгер тыңшылардың екеуін сол жерде мерт қылды. Үшіншісі оның ту сыртынан келіп, басынан ауыр затпен қойып қалды. Ауыр соққыдан басы айналған ғұн жауынгері жерге құлап түсті. Ойламаған жерден өзі келіп түскен олжаға қуанған қытайлықтар улап-шулап лап қойды. Қолын бұрап жіберіп, байлап-матап ордаларына алып келді. Түн жарымнан асып кетсе де тұтқынды қолбасшының алдына жеткізді.

Мын Тьхянь қан жоса болған ғұнды бастан-аяқ қарап шықты. Ол киімінің сыртынан темір сауыт, аяғына өкшесі жоқ былғары етік киген. Ғұндар өзін асыраушы Жер-Ананың төсін ауыртпайық, оған қиянат жасамайық деген оймен аяқ киімді өкшесіз жасаған.